

"Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/225-IV шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2014 жылғы 10 желтоқсандағы N 24/306-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 қаңтарда N 3630 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) кодексінің 487-бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 38-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 5-тармағына, "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 5675) сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/225-IV шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 2523, 2010 жылғы 1 ақпандағы № 16 "Дидар", 2010 жылғы 2 ақпандағы № 16 "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Шығыс Қазақстан облыстық
мәслихатының хатшысы*

В. Завьялов

Г. Пинчук

Шығыс Қазақстан облыстық
мәслихатының 2014 жылғы
10 желтоқсандағы № 24/306-V
шешіміне қосымша

Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

№	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкалары,* теңге
1	2	3	4
Ертіс өзені бассейні			
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	80,8
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса	теңге /1000 тек.м	232,3
3	Ауыл шаруашылығы	теңге /1000 тек.м	65,4
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге /1000 тек.м	65,4
5	Су энергетикасы	теңге /1000 кВт.сағ.	24,3
6	Су көлігі	теңге /1000 т. км	8,9
Балқаш және Алакөл өзен мен көлдері бассейні			
7	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	74,4
8	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса	теңге /1000 тек.м	205,3
9	Ауыл шаруашылығы	теңге /1000 тек.м	59,0
10	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге /1000 тек.м	56,4
11	Су энергетикасы	теңге /1000 кВт.сағ.	21,8
12	Су көлігі	теңге /1000 т. км	6,4

*Ескерту: төлемақы ставкалары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті жыл сайын жариялайтын, сәйкес жылдық инфляцияның ресми деңгейіндегі индексін ескере отырып есептеледі.